

САРЕКЕНОВА ҚАРЛЫҒАШ ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ СТИЛЬДІК САРАЛАНУЫ

Мамандығы 10.02.02 - қазақ тілі

ТІЛ БІЛІМІ

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертациясының

А В Т О Р Е Ф Е Р А Т Ы

Қазақстан Республикасы
Алматы
2001

*Анар доғалма! Алла түзі нистен
целнашн. 10.02.01. Қазақ*

Жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасында орындалды

Ғылыми жетекші - ҚР ҰҒА-ның корр-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор М.С.Серғалиев

Ресми оппоненттер - ҚР ҰҒА-ның корр-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор Ө.Айтбаев

филология ғылымдарының кандидаты
А.Тымболова

Жетекші ұйым - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогтік
институты

Диссертация 2001 жылы «7» наурызда сағат 14.00-де әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті жанындағы 10.02.02-қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д14А.01.23 диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады.

Мекен жайы: 480078, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

Диссертациямен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2001 жылы «7» ақпанда таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым-хатшысы, филология
ғылымдарының докторы,
профессор



Г.Н.Смағұлова

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тіл білімі саласында фразеологизмнің алатын орны ерекше. Қазақ тіл білімінде фразеологизм мәселелері зерттеліп жүргенімен, осы уақытқа дейін фразеологизмнің стильдік саралануы арнайы зерттеу нысаны бола алмай келді. Фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі рөлі, сөйлеу процесіндегі атқарар қызметі көп жағдайда стильге келіп тіреледі. Фразеологиялық стилистика кеңестік тіл білімінде осы ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап қолға алынып, түбегейлі зерттеліп келе жатыр. Қазақ тілінде фразеологизмдердің стильдік дәрежеленуі ара-тұра ғана сөз етіліп жүр. Фразеологизмдердің стильдік дәрежеленуі, олардың стилистикалық мағынасы мен эмоционалды-экспрессивті белгілері, сондай-ақ қолданылу ерекшеліктері мен стилистикалық белгілердің сөздіктерде берілу жолдары анықталмай келеді. Осы мәселелердің барлығы фразеологиялық стилистиканы зерттеудің өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеудің нысаны. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тұлғалардың стильдік саралануы.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақ лексикографиясында сөздіктер жасау, шығару мәселесі біршама талапқа сай келгенімен, фразеологиялық материалдардың сөздікте берілуі сын көтермейді. Осы ретте жұмыстың басты мақсаты қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы арқылы және эмоционалды-экспрессивті мәндерін толығымен ашып көрсету арқылы стильдік белгілердің сөздікте берілу тәртібін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі нақты мәселелерді шешу міндетке алынды:

- орыс және қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық стилистиканың зерттелу тарихына шолу жасау;
- фразеологиялық мағына мен фразеологиялық тұлғалардың стилистикалық мағынасының арақатысын ашып, айырмашылықтарын ажырату;
- фразеологиялық тұлғалардың функционалды-стилистикалық ерекшеліктерінің саралануына тоқталып, стильдік қабаттарын анықтау;
- қазақ фразеологизмдерінің эмоционалды-экспрессивті немесе коннотациялық белгілерінің түрлерін толықтыру;
- фразеологиялық тұлғалардың қолданылу ерекшеліктеріне қарай көне, пассив, актив тұрақты тіркестерді ажырату;
- фразеологиялық тұлғалардың жеке стильдік қабаттарындағы фразеологизмдердің түрлерінің жүзеге асырылуын анықтау;
- фразеологизмдердің стилистикалық белгілерінің сөздіктерде берілу тәртібінің жолдарын көрсету.

Зерттеудің дерек көздері. Тілдік деректер он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен», І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен», «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінің» І және ІІ томынан, қазақ ғалымдарының зерттеулерінен, сондай-ақ тілдік фактілер А.Құнанбаев, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, М.Мағауин, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Ш.Құмарова т.б. ақын-жазушылардың шығармаларынан, бұқаралық ақпарат көздерінен жиналып алынды. Барлығы 3000-ға жуық мысалдар жиналды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- қазақ тіліндегі фразеологизмдердің функционалды-стистикалық ерекшеліктеріне қарай *бейтарап, кітаби, ауызекі сөйлеу тіліндегі, қарапайым* фразеологиялық тұлғалар деп, төрт стильдік қабатқа топтастырылды;

- фразеологиялық стилистика саласында алдымен фразеологиялық мағына, екінші кезекте стилистикалық мағына, яғни фразеологизмдердің қосымша коннотациялары қарастырылатындығы анықталды;

- фразеологизмдердің эмотивтілігі мен эмоционалды-экспрессивті мағынасының арақатысы анықталды;

- фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктеріне қарай саралау барысында коннотациялық реңктерінің түрлері отызға дейін толықтырылды;

- қолданылу ерекшеліктеріне қарай көне фразеологиялық тұлғалар бес кезеңге жіктеліп қарастырылды;

- фразеологизмдердің түрлерінің жеке стильдік қабаттарда жүзеге асырылуы анықталды;

- қазақ тіліндегі түсіндірме, фразеологиялық сөздіктердегі фразеологизмдердің стильдік белгілерінің берілу тәртібі келтірілді.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тұлғалардың стильдік қызметі мен мағынасын, олардың қолданылу ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтауда алынған нәтижелер мен тұжырымдар фразеология стилистикасының теориялық жағынан қалыптасуына өз септігін тигізеді. Фразеологиялық стилистикаға қатысты бірқатар мәселелердің дұрыс шешімін табуының қазақ тіл білімі үшін маңызы ерекше.

Зерттеу жұмысының негізгі практикалық маңызы: тұрақты тіркестердің стилистикалық мағынасын білу және анықтау түсіндірме, фразеологиялық және т.б. сөздіктерді құрастырушыларға фразеологиялық тұлғалардың стильдік ерекшеліктерін неғұрлым дәл беруге көмектеседі. Жоғары оқу орындарының филология, журналистика факультеттерінде

арналған оқулықтар мен оқу құралдарында, қазақ тілінің³ фразеологиясы, стилистикасы т.б. арнаулы курстарда қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар көпшіліктің сөйлеу мәдениетін нормаға түсіруде көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

Зерттеудің әдістері. Жұмыста компоненттік талдау әдісі мен лексика-семантикалық талдау, сипаттама, салыстыру, бағалау, қорыту әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- қазақ тіліндегі фразеологизмдер функционалды-стилистикалық ерекшелігі жағынан — *бейтарап, кітаби, ауызекі сөйлеу тіліндегі, қарапайым* деп топтастырылады;
- фразеологиялық тұлғалардың стилистикалық мағынасы, олардың фразеологиялық мағынасынан кейін қарастырылады;
- фразеологизмдердің эмотивтілігі мен эмоционалды-экспрессивті мағынасы екі түрлі болады;
- фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктері арқылы саралау барысында коннотациялық 30 түрі анықталды;
- фразеологизмдердің түрлерінің ішінде бейтарап стильдік қабатта барлығына дерлік фразеологиялық тізбек қолданылады;
- қазақ тілі сөздіктерінде фразеологизмдерінің функционалды-стилистикалық белгілерімен қатар коннотациялық түрлері міндетті түрде көрсетіледі.

Зерттеудің жариялануы мен мақұддануы. Зерттеу жұмысының материалдары Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің «Филология ғылымының өзекті мәселелері» атты жас ғалымдардың ғылыми-теориялық конференциясында (Алматы, сәуір 1999), «Инновационные модели обучения в магистратуре» атты халықаралық семинар-мектебінің конференциясында (Алматы, қазан 1997) баяндалды. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасының ғылыми-лингвистикалық семинарында баяндама жасалды. Диссертациялық тақырыптың негізгі өзегі бойынша ғылыми басылымдар мен арнайы жинақтарда 7 мақала жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың теориялық мәселелері мен ғылыми тұжырымдары Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қазақ филологиясы кафедрасының мәжілісінде (Хаттама N4. 23 қараша, 2000 жыл.) талқыланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және библиографиядан тұрады.

Жұмыстың негізгі мазмұны. Кіріспеде жұмыстың жалпы сипаттамасы, тақырып өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық маңыздылығы,

практикалық мәні, зерттеу негіздері баяндалады. Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар анықталып, зерттеу барысында қолданылған әдістерге сипаттама беріледі.

Диссертацияның «Қазақ фразеологизмдерінің функционалды-стилистикалық саралануы» атты I тараудың бірінші бөлімінде фразеологизмдердің стильдік қабаттарының зерттелу тарихы беріліп, тақырыпқа қатысты стиль, стилистика және оларға фразеологиялық тұлғалардың (ФТ) стилистикалық қабаттарының қатысы, тұрақты тіркестердің стилистикалық мағынасының зерттеу аспектілері, фразеологиялық қатар және тағы басқа ұғымдарға тоқталып, бұл ұғымдардың арақатысы ашылып, байланыстары көрсетіліп, теориялық негіздері дәйектелді.

«...Ғылымдағы фразеологизм проблемасының мейлінше қызықты, мейлінше қиын проблема екенін байқау қиын емес. Осыларды ғылыми проблема ретінде қарастыратын әр алуан еңбектердің сөлін сүзсек мұның не қилы мәселелері айқындала түседі екен» (1:42), – деп Ө.Айтбаевтың айтқанындай, қазақ тілі фразеологиясының бір мәселесі – фразеологизмдердің стильдік қабаттарын анықтау. Сондықтан қазақ фразеологизмдерінің стильдік қабаттарын анықтаудағы орыс тіл білімінде Н.М.Шанский, А.И.Молотков, В.П.Жуков, А.Ф.Калашникова, И.А.Федосов, А.Г.Ломов, В.Н.Вакуров, Г.Ф.Булгакова, Л.В.Ковалева, А.М.Григораш, Е.А.Малиновский, А.И.Ефимов, А.Н.Гвоздев, Л.С.Вирясова және т.б., қазақ тіл білімінде І.Кенесбаев, М.Балақаев, М.Томанов, Б.Манасбаев, М.Серғалиев, Х.Қожахметова, Г.Жайсақова, А.Айғабытұлы, Г.Смағұлова және т.б. еңбектеріндегі фразеологиялық тұлғалардың стильдік қабаттарының саралануына тоқталдық.

Осы жоғарыда келтірілген авторлардың пікірлері мен қолдағы жиналған тілдік материалдарды негізге ала отырып, біз қазақ фразеологизмдерін функционалды-стилистикалық ерекшеліктеріне қарай мынадай стильдік қабаттарға топтастырылды:

1. Бейтарап қолданыстағы ФТ
2. Кітаби фразеологиялық тұлғалар
3. Ауызекі сөйлеу тіліндегі ФТ
4. Қарапайым сөйлеу тіліндегі ФТ

«Қазақ фразеологизмдерінің стильдік қабаттары» деп аталатын бірінші тараудың екінші бөлімінде бейтарап, кітаби, ауызекі сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологизмдер деп сараланған ФТ-ның топтарына жеке-жеке тоқталып, олардың ерекшеліктері, қолданылу салалары анықталып, ФТ құрамындағы компоненттерге тақырыптық талдау жасалынды.

Бейтарап, стильаралық фразеологизмдер – белгілі бір стильге ғана тәуелді емес, жалпы қолданыстағы тұрақты тіркестер.

Олардың стилистикалық ренкі «нөлдiк» көрсеткiштi бiлдiрiп, белгiлi бiр зат пен оның iс-әрекетiнiң жай атауы ретiнде жұмсалады. Бейтарап фразеологизмдердiң қосымша бағалауыштық реңкi болмайды. Мысалы, *Құдайы көршi, оған не деп айтасың, тәтемнiң тыржың-тыржың ете, сiлкiлене қақпайлай сөйлегенiн не елейдi, не елемейдi* (Ш.Құмарова). *Бiр түспiрде осындай шағын шаңырақ көтерiп, қам-қайғысыз өмiр кешер ме едi, шiркiн!* (Қ.Жұмадiлов). Осы мысалдардағы құдайы көршi және шаңырақ көтеру тұрақты тiркестерi – бағалауыштық реңксiз берiлген және барлық стильде де осы қалыптарымен қолданыла беретiн бейтарап фразеологизмдер.

Бейтарап ФТ әдеби тiл аумағында қарастырылады. Әрекет ету салалары бiршама шектелген стилистикалық мөндi ФТ-дан айырмасы, бейтарап фразеологизмдер ауызша және жазбаша сөйлеу стильдерiнiң барлық түрiнде кездеседi. Осы сапасы арқылы бейтарап ФТ кiтаби, ауызекi және қарапайым сөйлеу тiлдерiндегi ФТ-дан ерекшеленедi.

Кiтаби фразеологизмдер дегенiмiз – беллетристикалық, ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиеттiң тек автор тiлiнде ғана қолданылып, жоғарғы, салтанаттылық реңкпен ерекшеленетiн фразеологиялық тұлғалар. Мысалы,

*Мақсұтым – тiл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзiн қойып, көңiлiн ашпақ* (Абай).

Соңғы бiр айдың айналасында Әуезов театрынан өнерiмiздiң үш биiгi бақиға аттанды (Жас Алаш).

Ауызекi сөйлеу тiлiндегi фразеологизмдер – күнделiктi тұрмыс-тiршiлiгiмiзде, сөйлеу тiлiнiң диалог формасында, көркем әдебиетте кеңiнен, еркiн қолданылатын тұрақты сөз тiркестерi. Мысалы, *Қайнағасы Бастаубайға жақсы атанғысы кеп жапырыла жалынған осы ауданның кiлкей ығай мен сығайы түп етегiнен ұстап айырылар емес* (Ш.Құмарова). – *Құдай-ау, бүгiнше ендi далаға шықпай-ақ қойсаңшы! – деп, апамның шаужайыма оралғанына да қарамадым* (Б.Нұржекеұлы). Бұл мысалдардағы *ығай мен сығай, шаужайына оралу* тұрақты тiркестерi – ауызекi сөйлеу тiлiнде қолданылатын фразеологизмдер.

Фразеологизмдер ең алғаш сөйлеу тiлiнде не жазба тiлде қолданылып, жалпыға танылады. Қазақ тiлiндегi фразеологизмдердiң денi әдеби тiл дамымай тұрып, сөйлеу тiлiнiң негiзiнде қалыптасқан.

Қарапайым фразеологизмдерге әдетте жағымсыз эмоционалды-экспрессивтi мағынаға ие болатын және күнделiктi тұрмыс тiлi мен көркем шығарманың кейбiр кейiпкерлер тiлiнде қолданылатын әдеби тiлдiң нормасына сай емес дәрекi ФТ жатады. Олардың көбiне әдепсiздiк, тұрпайылық, оजारлық тән. Талданып отырған ФТ ғылыми, ресми-iс қағаздар стильдерiнде

қолданылмайды. Мысалы, *Оны түсінбейтіндей мені бір албасты басып, айқара тістеді ғой деп пе ең?* (Б.Нұржекеұлы). Бұл налыды: *«Тұра тұр, Шарболатов, осыдан ауылға аман жетсем бе, атаукеренді ішкізермін!»* (Ш.Құмарова).

В.В.Виноградов, А.И.Ефимов, О.С.Ахманова, Б.Н.Головин және Л.И.Рахманова т.б. ғалымдар қарапайымдылықты жалпы халық тілінің әдеби нормаға сай келмейтін түрі деп түсіндіреді.

Стильдік қабаттарға жасалынған талдау бойынша келген қорытындымыз қазақ тілінде әлемдегі барлық тілдер тәрізді тұрақты тіркестердің көпшілігі ауызекі сөйлеу тіліне жататын фразеологизмдер. Қолданылу аясына қарай ғана ішінен кітаби, қарапайым сөйлеу тіліндегі фразеологиялық тұлғаларды сұрыптап алуға болады. Кітаби фразеологизмдер тек жазба ғылыми, ресми-іс қағаздары, публицистикалық стильдерде ғана қолданылады. Қарапайым ФТ әдеби тіл аумағында қарастырылмайды. Бірақ профессор М.Серғалиевтің «Тұрақты тіркестер – әдеби тілдің ілгері даму барысында қалам қайраткерлерінің әрекеті арқылы жанданған әсем кестелер. Олар – сөз зергерлерінің ой-түйінін ықшамдап аңғартатын жинақтылықтың үлгісін көрсететін көркемдік құралы. Тұрақты тіркестерді қай жазушы болса да өз шығармасында қажетіне қарай қолданады», – деп айтқанындай (2:67), қарапайым стильге жататын фразеологизмдердің өзі қажетіне қарай көркем әдебиетте кейіпкерлер тілінде қолданылады. Ал бейтарап фразеологизмдер, кейде стильаралық деп аталып, барлық стильдік қабаттарда бірыңғай қолданыла береді, эмоционалды-экспрессивті мәні болмайды, тек заттың, ұғымның атауын білдіретін фразеологиялық тізбектер болып табылады.

Тақырыптық жағынан жасалған талдауда ФТ-ның ең өнімді лексикалық белгісі – соматикалық атаулар арқылы жасалынған тұрақты тіркестер. Соматикалық атаулардан кейін сан жағынан ұлттық менталитетімізді білдіретін тұрмыстық сөздерден жасалынған ФТ орын алады да, үшінші жан-жануарлар оның ішінде төрт түлік малға қатысты ФТ қарастырылады. Тақырыптық талдауда ең өнімді деп саналатын осы үш белгі.

Диссертацияның «Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті белгілері» деп аталатын екінші тарауының бірінші бөлімінде фразеологизмдердің стилистикалық мағынасы туралы сөз болады.

ФТ-ның стилистикалық дифференциациясы туралы айтқанда осы тақырыпқа қатысты терминдер мен түсініктерге тоқталмай кетуге болмайды. Олар стилистикалық мағына, оған эмоционалды-экспрессивті мағына қалай әсер етеді, стилистикалық мағынаның ФТ-ның семантикасына қандай қатысы бар деген сұрақтар. *Стилистикалық мағына дегеніміз ФТ-*

ның семантикалық құрылысына қосылатын образды, эмоционалды-экспрессивті және бағалауыштық мағыналар мен реңктер. Эмоционалды-экспрессивті бояу бұл стилистикалық мағынаның бөлшегі ғана. Сондай-ақ стилистикалық мағынадан ФТ-ның функционалды стильдің қайсысына (кітаби, бейтарап т.б.) қатысты екенін көрсететін функционалды-стилистикалық мағынаны ажырата білу керек. Кейбір тілшілердің пікірінше, ФТ мен сөздердің стилистикалық мағынасы олардың бейтараптығымен салыстыру арқылы көрінеді. Бұл пікір жеке сөздерге қатысы жағынан ғана дұрыс, ал ФТ-ға стилистикалық мағына тән. Бірақ та салыстырмалы түрде алғанда айқынырақ көрінеді.

Стилистикалық мағына болмысты қабылдаудың сезімдік жағын білдіреді. Айтушының сөйлеу тақырыбына қатынасын анықтайтын бұл мағына көп жағдайда эмоционалдылық пен экспрессивтілікке негізделген. Эмоционалдылық сезімнің түрлі тілдік төсілдерімен, сондай-ақ ФТ-мен көрінуі; экспрессия – сөзбен салынған сурет, мәнерлілік. Ш.Балли: «Экспрессия алдымен сөздің өзіне тән, өйткені сөз бен мағына бір-бірінен ажырамайды», – деп жазған болатын (3:238).

Ш.Балли экспрессияны жаңа сөздер мен мағыналар тудыратын негіздердің бірі деп санайды. Экспрессивті тенденция тілді сөйлеушінің аффектілері мен субъективизмнің нақты элементтерімен, нәтижелерімен толықтырады, ол жаңа сөздер мен мағыналар тудырады дейді. Бұл айтылған ойлардан байқайтынымыз, Ш.Балли сөздер мен ФТ-ның семантикалық құрылысында стилистикалық мағынаның құрамына кіретін эмоционалды-экспрессивті реңкті қосқан.

Стилистикалық мағына сөздер мен ФТ-ның семантикалық құрылым аумағына кіреді және олардың жалпы мағынасына әсер етеді. Мысалы, *Бір күні тал түсте Имам бақырып шақырып, әкеме едіреңдеп жетіп келді. Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады* (Ш.Күмісбаев).

Мұндағы *аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу* ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологиялық тіркестің семантикасына оның стилистикалық мағынасы әсер етеді. Ол тек қана «ұрсу, балағаттауды» ғана білдірмейді, сонымен қатар басқа да мағыналық реңктері бар: жоғарғы экспрессивтілік және кекесін. Басқа да стилистикалық мәнді ФТ туралы да осыны айтуға болады.

Сонымен, фразеологизмдердің функционалды-стилистикалық және эмоционалды-экспрессивті қасиеттерінің бірлігінен тұрақты тіркестердің стилистикалық мағынасы айқындалады.

Стилистикалық мағынаны фразеологизм деңгейіне сөйкес Н.М.Шанский айқын ашып берді: Бейтарап ФТ бағаланбаған,

экспрессивті өні жоқ, «нәлдік» стилистикалық ерекшелік; ауызекі сөйлеу тіліндегі ФТ — «төменгі» экспрессивті стилистикалық ерекшелік, «қосымша» эмоционалды-экспрессивті реңк (еркелету, мазақтау, жек көру, қалжың); кітаби ФТ — «жоғарғы» экспрессивті-стилистикалық реңк, салтанаттылық, көтеріңкілік, поэтизм (4:195-197). Бұған біздің қосатынымыз, қарапайым ФТ — экспрессивті-стилистикалық жағынан көпшілігі тұрпайы, дәрекі және өдеби емес.

Зерттеу жұмысының екінші тарауының екінші бөлімі «Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті белгілерінің түрлері» деп аталады. «Фразеологизмдер — күрделі лингвистикалық бірліктер. Олардың күрделілігі тек құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдердің көпшілігімен ғана емес, сонымен қатар тематикалық және семантикалық көп жақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен түсіндіріледі», — деп академик Ә.Т.Қайдардың айтқанындай (5:202), ғалымдардың барлығы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңкін мойындайды.

Эмоциялар физиологиясы саласындағы соңғы ғылыми деректер адам организмінде физиологиялық қозғалыстар эмоциямен қатар жүретінін көрсетіп отыр. «Организмдегі кез келген эмоционалды реакция симпатиялық және парасимпатиялық әсерлердің бірлесіп әрекет етуімен ерекшеленетіні айқын. Мысалы, адам мұңайғанда жүрек қан тамырлар жүйесінің қозғалыстарының жұмысы өзгереді де, қуанғанда тыныс алуы өзгереді» (6:73-74). Мұндай физиологиялық қозғалыстарды тілдегі ФТ-мен көрінуі мынадай болар еді. *Қаны қайнау, қаны басына шабу/тебу* — қатты уайымдау, қайғыру салдарынан қан қысымының көтерілуі; *бір ысып, бір суу* — қатты әсерлену жағдайымен байланысты дене температурасының өзгеруі; *жүрегі жарылу* — стресс алған жағдайда жүрек қағысының жиіленуі т.с.с. А.М.Эмированың айтуынша, адам эмоциясы саласымен байланысты тілдік единицаларды лингвистикалық талдау психологиялық ұғымдар шкаласын, мысалы, психологияның өзінде жоқ «эмоционалды жағдай» ұғымын, неғұрлым дәл анықтайды (7:70).

Айтушының эмоционалды-бағалауыштық ұғымға қатысы имплицитивті түрде бейнелі фразеологиялық тұлғамен байланысты. Сөзіміз дәлелді болу үшін, мынадай мысалдар келтіруге болады: *ақымақ* — тек рационалды баға, *есек* — рационалды және эмоционалды, *су ми* — рационалды және эмоционалды; ары қарай осылай салыстырар болсақ, онда, *босқа (іссіз) жүру мен екі қолы алдына сыймау, шошқа тағалау; өсектеу мен ағаш атқа мінгізу*; т.с.с. мысалдар жай сөз бен ФТ

арасындағы айырмашылық айқын екенін көрсетеді. Жай сөз көзқарастың рационалды бағасын ғана білдірсе, ал ФТ рационалды бағамен қоса сөйлеушінің айтып тұрған оқиғасына деген сезімін қоса білдіреді. Бұл сезім осы тіркесті таңдауымен жүзеге асырылып тұр. *Екі қолың алдыңа сыймай бос отырғанша, өнерге үйренсең етті* (Т.Ахтанов), (жай ғана бос отырған жоқ, не істерін білмей отыр, бұл жерде мысқылмен айтылып тұр); *Сенің адал яки күнәлі екеніңді анықтап жатар кім бар? Ағаш атқа мінгізеді де жібереді, сонан соң арыңды арашалап көр* (М.Сқақбаев), (ол туралы жәй ғана айтып қоймайды, өсектейді, сонымен қатар жек көріп, болмағанды болғандай етіп айтады). Келтірілген мысалдардан ФТ өзімен қоса мәтін мен рационалды бағаны толықтырып тұрған қатынас-сезімді әкелетінін көреміз. Осы «қосымша» эмоционалды-бағалауыштық модусты В.Н.Телия «*ЭМОТИВТІЛІК*» деп атайды (8:203). Сонымен, рационалды бағалау мен эмоционалды қатынас табиғатындағы айырмашылық мынада: біріншісі «дүние суретінің» бағалауыштық реңкімен, екіншісі психоэмоционалды «жан жағдайымен» сәйкес келеді екен.

Сонымен, В.Н.Телияның пікірінше, эмотивтілікті узуальды және окказионалды қолданыста қарастыруға болады екен. Бірақ мұндай түрлендіру барлық прагматикалық жағынан хабардар, яғни субъект факторына негізделген мағыналарға тән. Бұлай десек те, окказионалды эмотивті қолданыстағы бірліктер туралы мұны айта алмаймыз. Мысалы, *ағаш атқа мінгізу* қуаныш, масаттану арқылы ұнату сезімімен айтылмайды; сондай-ақ, *салт басты, сабау қамшылы* деп адамды еркелетіп айтпайды, ал *жан тері шыққанша* деген тіркесті ашуланып немесе жек көріп айтпаймыз. Сондықтан да эмотивті түрлендіру кезінде өте абай болуымыз керек. Себебі сөздіктерде экспрессивті боялған лексика мен фразеологизмдердің барлық мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыруымыз керек.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы фразеологизмдердің (ол – *салт басты, сабау қамшылы*, – деді Х ашумен және жек көріп) эмотивтілігімен ұғынуда тағы да айтатынымыз, сезім-жайы дегеніміз – бұл эмоционалды реакцияның ізі; ол өткінші, актив және оқиғаның дамуына тәуелді, ал қатынас-сезім – бұл «одан шығарылған» сияқты қатынас. Сонымен егер наразылық, ашулану (*жетпей желкең қиылғыр!*), ыза (*ой, оңбаған, кешке дейін шошқа тағалап жатырсың ба?*), қуану (*бүгін ақ түйенің қарны жарылған күн!*) ситуацияға байланысты, яғни контекстке қатысты болса, ал қатынас-сезім – контекстен тыс, ФТ-ның өз бойында қалыптасады.

«Мол тіл қазынасының бір алуаны – фразеологизмдердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын сөз еткенде, ең алдымен олардың

стилистикалық қызметі көзге түседі. Бұл түсінікті де. Некен-саяқ кездесер бірді-екілі фразеологизмдерді есептемегенде, тиянақты тізбектердің бәрі дерлік өзгеше стиль қызметін атқарады десек, қателеспейміз» (9:601), – деп академик І.Кеңесбаевтың айтқанындай, фразеологизмдерге эмоционалды-экспрессивті немесе коннотациялық мағыналар тән. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көңіл күйі, сезім күйлеріне байланысты берілген атаулардың ішінен «жабырқау» деген сөзді келтіріп көрейік.

Жабырқа – көңілі босап жабығу, қамығып жасу. Адам үнемі қуанып қана жүре ме, кейде көңілі жүдеп, жабырқайтын кездері де болмай ма? Әсіресе сондай шақта ой дегенің қалындап, ауырлап алады (Н.Ғабдуллин).

Қ.Жаманбаеваның: «Сөздікте көбіне белгілі бір жан күйінің болмысы екінші бір жан күйінің атауымен түсіндіріледі», – деп айтқандай (10:81), «жабырқау» сөзі «қамығу» сөзімен ұштасып жатыр.

Қамығу – бір нәрсеге қатты налып ренжу, қайғырып-қапалану, жабырқау деп түсіндірілген.

Негізінен тілде мұндай сөздер бір-біріне синоним болып келгенімен, психологияда берілетін жоғарғы эмоциялардың түп-төркіні немесе алғашқы сатылары ретінде көрінеді. Олай болатын болса, шартты түрде мынадай топтама құруға болады: *жабырқау–қамығу–налу–қасірет–азап–қайғы*.

Нала – қайғы қасірет, мұң-шер, қана. Өн бойын дерт басқан жаны жара, көңілі нала (І.Есенберлин).

Азап – ауыр бейнет, қиыншылық. Азабы мол, қызығы жоқ күндерді күрсіне көз алдыңа елестетпек боласың (Келіншек).

Қасірет – басқа түскен уайым, қайғы. Алғашқы ұғымға қайым өлең сияқты боп көрінген осы екі жолда қаншама қайғы, қасірет, мұң ізі жатыр десеңші (С.Бақбергенев).

Қайғы – күйік, қасірет, мұң-шер. Ұлтуған баланың қылықтарын, сөйлеген сөздерін қызықтап, бір ауық көңілі сейіліп, өзінің қайғысын ұмытқандай болады (С.Мұратбеков).

Енді, шартты түрде алынған, осы топтаманың фразеологиялық тұлғаларымен көрінісі мынадай. Мысалы, *Үзіп-үзіп айтылса да, ұзақ бір жыр естілгендей болып, өндері бұзылып, ажары сына қалған әйелдер біріне-бірі қарай алмай қалысып еді* (ҚТФС). *Басы салбырап, үйіне қайтты* (ҚТФС). Бұл мысалдардағы *ажары сыну* – жабырқауды білдірсе, *басы салбырау* – қамығуды білдіріп тұр. Ары қарай сатылап жүре берер болсақ, онда тағы да мысалдарға жүгінеміз. *Айдауға көнбейтін ешкіге ашуланып, өлгі қазақ «алда шұнақ құдай-ай» деп жіберінті* (ҚТФС). *Бейшара Жәми әкешесінің сөзінен шыға алмай, іш құса боп, ит қорлықпен күн өткізуде* (ҚТФС). Ол бір өлеңінде *тар өмірдің уын ішкен*

қойшының қара түнек күндерін көзге былай елестетеді (ҚТФС).
Қайғымен қарс ұрып, қара жүрегі қақ айырылып отырған қаралы жан қабағына қарауға да қаймығасың (ҚТФС).

Осындағы келтірілген мысалдар, *ажары сыну, басы салбырау, шұнақ құдай-ай, іш құса болу, у ішу, қара жүрегі қақ айырылу* сияқты болып, бірінен соң бірінің экспрессивтік мәні жоғарылай береді. Бұл жердегі *шұнақ құдай-ай* деген ғана кейіс сөз ретінде алынып, фразеологиялық тіркес ретінде келіп тұр, ал біздің бұл тіркесті кірістіру себебіміз, адамдар қатты налып-ренжігенде айтылатынын ескеріп отырмыз. Енді осы топтамамен фразеологиялық қатар түзіп көрейік.

Жабырқау, қамығу – *жабырқау тарту, көңілі қаяу тарту, еңсесі түсу, қабағы кірбін тарту, мойнына су кету* т.б.

Уайым, қасірет – *басына уайым түсу, жанына бату, жара салу, жүректі дерт алу, көкірегі шерге толу, сары уайымға салыну, шер жұту, іш құса болу, сырты бүтін, іші түтін* т.б.

Азап – *дерт басу, дертіне күйу, жегені желім, ішкені ірің болу, зар жұту, көкірегі қарс айырылу, күйік тарту, запыран зәрін құю, уын ішу, алты батпан азап* т.б.

Қайғы – *ботасы өлген түйедей зарлау, көкірегі күйу, қайғы басу, қайғымен қан жұту, қара жүрегі қақ айырылу* т.б.

Осы фразеологизмдерден байқайтынымыз жеке сөздер адамның ішкі сезімін дәл осындай образды түрде жеткізе алмас еді. Сондықтан да фразеологизмдердің көпшілігінің өн-бойында эмоционалды-экспрессивті қасиет бар.

Фразеологизмдердің келесі бір эмоционалды-экспрессивті белгісі – кекесін, мысқыл.

Кекесін – *мысқыл, келеке, келемеж, мазақ, әжуа*. Серезаның кекесіне мен күйіп-пісіп, ашуланып қалатынымын (Ә.Сәрсенбаев).

Мысқыл – *күлкі аралас сықақ, келеке, шенеу*. Сондай ызалы сайқы мазақта, ажуада, мысқыл, қалжыңда Жамбыл тапқырлығы елден ерекше (М.Әуезов)

Екінші топтаманы былай түзуге болады деп ойлаймыз.
Кекету–мысқылдау–ренжу–ашулану–ызалану–ұрсысу. Біз

жоғарыда кекету, мысқылдау ұғымдарына тоқталдық. Енді осы топтамадағы қалған ұғымдардың түсіндірме сөздікте берілуін келтірер болсақ, онда:

Ренжу – *кею, қапа болу, қынжылу*. «Қай уақытта ренжіп жөнелер екенбіз», – деп ойлаймын ішімнен (Қ.Жаркенов).

Ашу – *ыза, реніш, кейіс, бұлқан-талқан күй*. Қамар хатты оқып болған соң, бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне симай, не ашу емес, не қуану емес, белгісіз қысылып, қарап тұрып бір тынышсыздыққа қалды (С.Торайғыров).

Ыза – қатты қысқан ашу, қайнаған қыжыл. Шешесінің сөзінде ашу, ыза барын Гүлжан сезе қалды (М.Дүйсенов).

Ұрысу – керісу, дауласу, жанжалдасу. Ол бір мезгілде көзін маған аударып, әрі ұрыса, әрі ақыл айта сөйледі (Н.Ғабдуллин).

Кекесін, мысқылдан барып, адам бойында ренжу, одан кейін ашу, ыза содан соң барып, ұрыс-төбелес болады. Біз бұл жерде ұрыс-төбелес тек қана кекетуден барып туады деп отырған жоқпыз. Әрине, ұрыс-төбелеске себеп көп. Ал біз нысанға кекету, мысқылдауды алып отырғандықтан, мұның да аяғы ұрыс-төбелеске баратынын есепке алып отырмыз. Сонымен, кекесін-мысқыл эмоциясы жоғары (Г.Смағұлова) ашулану, ұрсу сезімдерінің алғашқы сатысы болып табылады. Мысалы, Анау Сарыауыз: *мен бие байлап жатырмын, сенің ішінде шеменің тіреп тұр ма? Өзің неге күймейсың, – дейді* (М.Әуезов). – *Етектеріңде намаз оқып жүрген ешқайсыларың жоқ, әйелді күнға итермелейтін, сендер...*, – ызалы адамдай даусы зілді шықты (К.Жұмаділов).

Осы келтірілген мысалдардағы ФТ кекесін-мысқылды білдіріп тұр, ал контекст бойынша талдайтын болсақ, бұл сөйлемдер ашумен айтылып, өз-өздерінен ұрысқа сұранып тұрған сөздер.

Кекесін, мысқыл – аузын айға білеу, тышқан мұрның қанатпау, есек дәме үміт, сала құлаш уәде, атқа жеңіл телпекбай т.б.

Реніш, өкпе – не жыны бар екен, әкесінің басы бар ма екен, есектің миын жегенсің бе, көшке берген тайын алсын, өкпесі түссін т.б.

Ашу, ыза – ызаға булығы, түгін сыртына тебу, тұлан тұту, жыны келу, зәрін шашу, ашу-ызасы басына тебу, қаны қайнау т.б.

Ұрсу – түс шайысу, жүз жыртысу, ит терісін басына қаптау, қызыл өңеш болысу, беттен алып, төске шабу т.б.

Жоғарыда келтірілген топтамалар тәрізді ендігі топтаманы былай келтіруге болады: **ұнатпау (жаратпау)–жақтырмау–менсінбеу–жек көру.**

Жаратпау – жақтырмау, ұнатпау. Ол көп сөйлеуді жаратпайды (Қ.Қамбаров).

Жақтырмау – мақұл көрмеу, жаратпау, ұнатпау. Оның бір мінезі – өзі пісіргеннен басқа асты жақтырмайтын (С.Мұқанов).

Менсінбеу – жақтырмау, ұнатпау, тәуір көрмеу. Отаршыл патшалық Россия қыр қазақтардың өнерін мемлекеттік қамқорлыққа алудың орнына, оған менсінбей қарады (І.Омаров).

Жек көру – бірдемені ұнатпау, жақтырмау. Әдетте сүйе білген адам ғана жек көре біледі (С.Бақбергенов).

Бір-біріне синоним болып көрінетін осы сөздердің барлығының арасындағы айырмашылықты бейнелі түрде

ажыратуда фразеологизмдер таптырмайтын құрал ретінде жұмсалады. Жалпы фразеологизмдердің ерекшелігі де осында ма деп ойлаймыз. Мысалы, *Осы ит байласа тұрмайтын, жан адам білмейтін, шалғайдағы қойнауға қалай келеді?* (М.Мағауин). *Таң бозынан орындарынан ақыра тұрып, бірін-бірі аяусыз қидалауға тиіс, ал қазір ұйқы құшағында жатқан жарты миллион адамның өмірі осы көкірегі ашық, ақылы кемел нөкер мен құ бастан қуырдақтық ет алатын жансыздың еркіне тиді* (М.Мағауин).

Не сөзінде сау-тамтық жоқ, не мінезінде тұрақ-тиянақ жоқ, өншейін мансаптың буына піскен алакеуде ғой, — деп налитыны бар (Б.Нұржекеұлы).

Әмір орындықты Жүсіптің қасына әкеп, жайлана отырды да, сөзін сабақтады. Жүсіптің сұқаны сүймесе де тістеніп, еріксіз мойын сұнды (ҚТФС).

Бұл келтірілген мысалдардағы *ит байласа тұрғысыз* фразеологизмі ұнатпауды білдірсе, *құ бастан қуырдақтық ет алу* — жақтырмауды білдіреді, ал *мансаптық буына пісу* — менсінбеуді, *сұқаны сүймеу* — жек көруді білдіріп тұр.

Ұнатпау, жақтырмау сезімдері бір-біріне өте жақын, синоним ретінде жұмсала береді, ал менсінбеу мен жек көру сезімдері фразеологизмдермен анық көрінеді. Мысалы,

Ернін шүйіру; жеңімен сәлем беру; жиренішті көзбен қарау; көзінің еті өсу; көзіне шел біту; көкірек біту; көкірек керу; құйрығына [к... іне] қыстырмау//ілмеу; мұрнын көкке көтеру; мұрнын шүйіру; сырдың суы сирағынан келмеу; тақымы толмау; ханға сәлем бермеу; шекесінен қарау; аспанға қарау; бақайынан келтірмеу; кердең басу; көкірегіне//деміне нан пісу; өр көкірек сияқты фразеологизмдердің барлығы менсінбеуді білдіреді. Бұл фразеологизмдердің ерекшелігі барлығы дерлік, соматикалық атаулар арқылы жасалған. Менсінбеген кездегі адамның өн бойында, бет-жүзінде болатын өзгерістер арқылы түзіліп тұр. Себебі, адам ұнатпағанын, жақтырмағанын жасыра алады, ал менсінбеушілікті жасырмайды, қайта менсінбейтінін білдіргісі келіп, сол адамды көргенде бәрін әдейі жасайды.

Жек көру сезімі — бұл эмоциясы жоғарғы фразеологизм. Ұнатпау, жақтырмау, менсінбеу барлығы жиналып келіп, яғни алғашқы басқыштары болып, жек көру — ең жоғарғы сатысы болады, сондықтан мұндай фразеологизмдер әрқашан да экспрессияға толы болатыны белгілі. Мысалы, *Алапес ауруына ұшырағандай маңына ешкім жоламайды да, өз маңдарына жолатпайды да. Жиіркеніп, жылан көргендей жиырылып тұрғандары* (Е.Мырзахметов). *Сондықтан менің ұрлық қылғанымды барлық ағайын-туысқан иттің етінен жек көретін* (М.Әуезов). *«Осының бәріне сен кінәлісің» дегендей, Арқатты оқты көздермен атып, қыжырта қарайды* (Қ.Жұмаділов). *Осының*

бостығын көріп қой бәрінің басынатыны. Қарайып қалқан бол ма десе, көзге күйік болған тірі өлік! (Б.Нұржекеұлы). Алғашқы екі мысал теңеу арқылы, онда жағымсыз жылан мен итке (ит бірде-екілі фразеологизмде болмаса, барлығы дерлік жағымсыз мағынада қолданылады) теңестіріліп жек көру сезімі өте бейнелі түрде берілген. Ал соңғы екі мысалда көзге қатысты соматикалық фразеологизм арқылы жек көру сезімін көрсетіп тұр.

Талданған топтамаға қарама-қарсы мынадай топтама құруға болады. **Жақтау–мақұлдау–жақсы көру.**

Жақтау – біреудің сөзін сөйлеу, қолдау, қоштау. Кенжалы ағасына, істеп жүргенің дұрыс емес деп ренжігенде, Қадиша үнемі қайнысын жақтайтын (С.Мыңжасарова).

Мақұлдау – қоштау, құптау, жөн көру. Жиналыста Тұрсынбай сөйлеген кезде сөзінің шындығына отырғандардың күмәні – болмай, айыздары қанып, бас шұлғып, мақұлдап отыратын (А.Жақсыбаев).

Жаксы көру – ұнату, сүю; тәуір, мақұл көру. Сені жақсы да көретін. Бірақ қазір қайда екенін білмеймін. Бірнеше жыл болды, хабарсыз кеттік, – деді Назым (М.Әуезов).

Сонымен, бұл ұғымдардың барлығы түбі ұнату, жақсы қоруте алып келеді екен. Мысалы, *Ақтан қолдан келсе қоң етін де ойып беретінін айтты* (Е.Мырзахметов). *Сол екі арада шапалақ жағына сарт етті. Бәріміз шығарда жанымыз жоқтай тәтеме ара түстік* (Ш.Құмарова). *Кейде маған: – Бүгін Айнамен бірге жатарсың, Айбаш, ол қорқады ғой, сөйт, қарағым, – деп жалынғандай болғасын, Құлбаланың сөзін жерге тастамай қыздың қасына қона салатынмын* (Ш.Құмарова). *«Дедушка-бабушкалар» етегіне оралғанда, тура жаныңды үзеді-ау, жаныңды үзеді* (Қ.Жұмаділов). Бұл келтірілген мысалдардағы *қоң етін ойып беру, шығарда жаны болмау* тіркестері ұнатуды, жақтауды білдіріп тұр, *сөзін жерге тастамау* – мақұлдауды, *жанын ұзу* – жақсы көруді білдіріп тұр.

Біз осыған жалғас (екеуі бір емес) топтаманы ұсынғалы отырмыз. Себебі екі топтаманы жалғастырып тұрған – жақсы көру сезімі. Жақтап, ұнатқаннан барып, жақсы көру сезімі туындайды десек, келесі жалғас топтама жақсы көруден бастау алады деуге болады.

Бұл топтама мынадай болады. **Жақсы көру–сүйсіну–еркелету.**

Сүйсіну – бір нәрсеге разы болу, рақаттану, ұнату; ләззаттану. Бейсен кірісімен кабинет ішіндегі өзгерістерді сүйсіне қарап өтті (О.Сәрсенбаев).

Еркеле – 1. үлкен адамға жарастықты наз білдіру, қылжақтау, шолжақтау. Жиырмаға келгенше бала жүрегімен әке бетіне елжірей, еркелей қарау менің таусылмас арманым еді (Ж.Саин). 2. Жақсы көріп еркінсу, иек арту, арқалану, өзімсу. Берен қазір нәлудан гөрі осыларға наз ғып еркелеген түрде отыр

еді (Б.Майлин). 3. *Ит иесін танып бұлаң қағу, арсалаңдауы.* Көптен келмеген Ермекті сағынып қалған Аққасқа аяғына оралып бұлаңдап еркелейді (С.Бегалин).

Жақсы көру негіз болған сүйсіну, еркелеу сезімдері экспрессияға құрылады. Мысалы, *Естүімше, ол соншама атақты адам болса да, жібектей есілген биязы, үлкенді аға, кішіні іні деп тұратын мейірбан жан көрінеді* (М.Мағауин). Бұл мысалдарда контекстің өн бойында сүйсіну сезімі басым болып тұр. Бірінші мысалда *жібектей есілген* тіркесін биязы ұғымы, *үлкенді аға, кішіні іні деу* тіркесі мейірбан ұғымымен түсіндіріліп өте кішіпейіл адам туралы айтылып адам сүйінетіндей мінездері берілген.

Енді еркелеу сезіміне келсек, түсіндірме сөздікте берілген үш мағынасының алғашқы, адамға қатысты екі мағынасына байланысты талдау жасаймыз. *Жас күнінен бір үйдің түгелімен еркелетіп, алақанына салған баласы* (М.Әуезов). — *Құдайым-ай, қайда жүрсіңдер? Бір-бір үй беттеріңе қарап отырғанымызда, жүрегімізді ұшырдыңдар ғой* (Б.Нұржекеұлы). — *Қанша жақсы көргенмен, бетімді қақпай еркін, ерке тотай өсіргенмен, өз анаңның, туған шешенің мейіріне не жетеді екен* (Ш.Құмарова). Осы мысалдардағы *алақанға салу, бетіне қарап отыру, бетін қақпау, еркетотай қылып өсіру* тіркестерінің барлығы еркелетуге байланысты. Тек *бетіне қарап отыру* — жалғыз деген мағына береді. Ал жалғыз баланы қай қазақ отбасы болса да еркелетеді.

Сонымен, қазақ фразеологизмдерінің эмоционалды-экспрессивті белгісі ретінде сүйсіну, еркелету ұғымдары да жұмсалады.

Фразеологизмдердің келесі бір эмоционалды-экспрессивті белгісі — *өзіл, қалжың*. Қазақ халқы ежелден өзілге жақын. Өзілің жарасса, атаңмен ойна деген сөз де — ежелден келе жатқан мөтел. Осында айтылғандай *өзіл, қалжың* деген кімнің арасында айтылса да, орнымен айтылса жарасымды.

Өзіл — зілсіз қалжың. Қара сақалдың бұл сөзі Қанатты ойландырып қалып еді, дегенмен Қанат сөзден ұтылғысы келмей, өзіліне өзіл қайтарды (А.Хангелдин).

Қалжың — тапқырлыққа құрылған ойнақы, өзіл сөз. Ұлжанның [Абайдың шешесі] әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңмен даңқы шыққан белгілі мысқылшыл, тапқыр күлдіргілер (М.Әуезов).

Бұл түсіндіруден байқағанымыз, *өзіл* мен *қалжың* бір-бірінің орнына синоним ретінде жұмсала береді екен. ҚТФС-де бірнеше мысалдар *өзіл-қалжың* ретінде қолданылады екен. Мысалы, *мұртына ұстара тиді, мұртын балта кеспейді, ауыл итінің құйрығы қайқы, апани-бопани болу, боқташақ балалар, жаны сүт татып тұру, тұқымың түптесін, қатының жұқтесін* т.б.

Қазақ фразеологизмдерінің тағы бір эмоционалды-экспрессивті белгісі — **салтанаттылық** — көтеріңкі күйде айтылатын тұрақты тіркестер.

Салтанатты фразеологизмдер көтеріңкі көңіл-күйді, шаттықты білдіреді. Мысалы, *Жалт бұрылып, жанарымнан шашқанда от, жатыр екен жүрген ізім дастан боп* (М.Мақатаев). *Кір жуып, кіндік кескен туған жерге жақындаған сайын жүрегім дүрсілдей соғады* (Ш.Күмісбаев). Осы сөйлемдегі тұрақты тіркестер көтеріңкі леппен айтылған. Және контекстің де әсері бар.

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бір ғана «айға» қатысты бірнеше көтеріңкі фразеологизм берілген. Мысалы, *айдай сұлу; айдай таза, күндей нұрлы; айдан ұл, күннен қыз тудыру; ай десе аузы бар, күн десе көзі бар; ай қабақ, алтын кірпік; ай мен күндей*. Бұл фразеологизмдердің барлығы да сұлулыққа қатысты екен, себебі «ай мен күн» асқан сұлулық символы ретінде қолданылады. Сондықтан да бұл фразеологизмдер көтеріңкі, салтанатты болады деген ойдамыз. Және бір айта кететін нәрсе салтанатты, көтеріңкі тұрақты тіркестер көбіне дерлік кітаби фразеологизмдер қабатына жатады.

Фразеологизмдердің тағы бір эмоционалды-экспрессивті белгісі — алғыс-қарғыс мәнді ФТ, олар қазіргі уақытта да молынан пайдаланылады.

Қарғыс ата-анаға, үлкенге тілі, қолы тиген, тертіп бұзған, ел атына, руына кір келтірген, көпке зәбірі тиген, кісі өлтірген тағы басқа жат қылық, ерсі іс, теріс мінез көрсеткен адамдарға айтылады. Қарғыс түрлері көп және ол жалпы адамдарға, еркектерге, әйелдерге, балаларға, жан-жануарға және жансыз заттарға арнап айтылады. Мысалы, *«Жетпей желкең қиылғыр!» деді ғой жаңа жоқ, «жер жастанғыр», — деді* (Б.Нұржекеұлы). — *Анасының аруағы атсын!* — деген жылау аралас ызалы үн таңертеңгі тымық ауада ауыл үстін күңгірентіп жіберді (Ф.Оңғарсынова).

Қарғыс мәнді ФТ-ға қарама-қарсы **алғыс** мәнді ФТ да тілімізде молынан кездеседі. Алғыс, ризалық жақсылығы, мейірімділігі, игі, ізгі қызметі үшін айтылады. Ол көбіне ақ батамен ұштасады. **Алғыс** мәнді фразеологизмдер де сөздіктерде арнайы белгіленеді. Мысалы, — *Саматтың тәрбиесі, жолың болғыр, өзі тіпті жақсы келді-ау, ырыс болды-ау осы колхозымызға!* — деп көптің алғысын бастап еді (М.Әуезов). — *Алда көсегең көгерсін, қарағым-ай!* — шалдың көзінен жас бұршақтады (Ш.Құмарова).

Алғыс мәнді фразеологизмдерге мынадай мысалдар келтіруге болады: тілеуің бергір, көсегең көгерсін, жасың мың болғыр, аузыңа май, астыңа тай, таудай бол т.б.

Сонымен қатар, қазақ фразеологизмдерінің жоғарыда айтып өткен эмоционалды-экспрессивті белгілерімен қоса, тағы да мынадай түрлері бар. Олар қорқу, қуану, ұялу, таңырқау, өкіну. Бұлардың әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтіріп, мұндай фразеологизмдер де бар екенін көрсете кетуді жөн көрдік.

Қорқу – төбе құйқасы шымырлау, екі көзі төбесіне шығу, төбе шашы тік тұру, жүрегі тас төбесіне шығу, жүрегі ұшу, жүрегі қабынан шығып кете жаздау, жүрегі аузына тығылу, тұла бойы қалтырау, төубесі есіне түсу, үрейі ұшу, зәресі ұшу т.б.

Қуану – төбесі көкке екі елі тимеу, төбесі көкке жеткендей болу, қуанышы қойнына сыймау, жүрек жарды қуаныш, жүрегі жарылардай қуану, жерден жеті қоян тапқандай қуану, ағынан жарыла қуану, ақ түйенің қарны жарылу, әйелі ұл тапқандай қуану, мөз болу т.б.

Ұялу – тірідей көрге көмілу, жер болу, кірерге тесік таппау, жерге кірердей ұялу, өз ұятына өртену, абыройы айрандай төгілу, бетінен оты шығу, бетінен басу, көзімен жер сүзу, абырыдан жұрдай болу т.б.

Таңырқау – америка ашқандай, айды аспаннан шығару, дінің неткен қатты еді, үш ұйықтаса түсіне кірмеу, сүзектен тұрғандай болу, өң мен түстің арасы, тарының қауызына сыйып кету, дәтің қандай қатты еді, ашық күнде төбесінен жай түскендей болу, жағасын ұстау т.б.

Өкіну – өзегін өртеу, бармағын шайнау, маңдайы тасқа тию, іші өртену, аузы күйу, жер соғып қалу, орнын сипап қалу, санын соғу, орға жығу, жер тістеу т.б.

Сонымен, қазақ тіліндегі фразеологиялық тұлғалардың, біздің топшылауымызша, отыз эмоционалды-экспрессивті түрі анықталды.

Диссертацияның «Фразеологиялық тұлғалардың қолданылу ерекшеліктері және фразеологизмдердің стильдік белгілерінің сөздіктерде берілу тәртібі» деген III тараудың бірінші бөлімі «Фразеологиялық тұлғалардың қолданылу ерекшеліктері» деп аталады.

Фразеологизмдердің қолданылу аясына қарай үш аспектіде қарастыру ғалымдардың арасында кенінен тарап, мақұлданған. «Фразеологизмдердің қазақ тілінде жұмсалуды, қолданылу өрісі сияқты аспектілері әр түрлі. Мұны үш жағдайда қарастырған жөн:

1. Тілдегі ең негізгі, өнімді жұмсалатын фразеологизмдер.
2. Көнерген фразеологизмдер.
3. Пассив фразеологизмдер.

Бұлар кейде көнерген фразеологизмдердің де есебінен толығып отырады. Соңғы екі түрі көнерген және көнеруге жақын фразеологизмдер стилистикалық интерпретация арқылы өз мүмкіндіктерін қолданыс аясында ғана көрсете алады. Пассив

фразеологизмдер мен көнерген фразеологизмдердің арасына өткел шек қоюға болмайды, дегенмен де тілдік қолданыс аясында ғана нақтылы қолданыс кезінде бір-бірінен айырмашылықтары айқындалады» (11:114).

Қазақ халқы бүгінгі таңға дейін небір замандарды басынан кешірді. Бір тіл-бір ұлт дейтін қағидаға сүйенер болсақ, заман өзгерген сайын халықтың тілдік элементтері де өзгеріп отырады. Мысалы, ХУ ғасырда қазақ хандығы құрылды, одан кейінгі қазақтардың басынан өткен жоңғар шапқыншылығы, қалмақтар мен қазақтар арасындағы қырғын, хандар билік еткен заман, кеңес үкіметінің орнауы, Ұлы Отан соғысы, Қазақстанның Тәуелсіздік алуы мұның барлығы да тілімізге өз элементтерін қосып, ескіргені қалып, көне элементтерге айналып отырды. Мысалы, *Қазіргі сол Сәрібайды көрсем, кешірім сұрар едім де, атшапан айыбымды алдына тартар едім, – деп Қайып жымығандай болды* (С.Талжанов). Бұл мысалдағы айып сөзінің бір мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көне деп көрсетіліп, қазақтың ескі әдет-ғұрпының заңын бұзып қылмыс жасағаны үшін айыпкерге тағылатын кінә және сол кінә үшін малдай, заттай төленетін жаза деп түсіндіріледі (12:114).

Енді пассив фразеологизмдерге, яғни көнеріп келе жатқан тұрақты тіркестер жайлы айтар болсақ, онда қазақ халқы революцияға дейін көшіп-қонып көшпенділік дәуірді ұзақ уақыт басынан өткізгендігі белгілі. Олар жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзекте бірден-бірге көшіп-қонып жүргенде сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі өлшемдік ұғымды білдіретін қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы танып білуге болады. Өткен заманда қазақтар уақытты сағатпен нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат деген уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген. Мәселен минут пен сағатты *бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым* сияқты нақтылы мөлшерлі уақытпен білдірген. Енді осы өлшемдік ұғымдарды білдірген біраз фразеологизмдер пассив қолданысқа өтіп барды. Мысалы,

1. **Уақыт, мерзім өлшемдері:** *жылқы жусар кезде, ел қосқа шыққанда, күзем алып жатқанда, қой қырқарда; т.б.*

2. **Көлем өлшемдері:** *бір көген қозы, бір айдам жер, бір кесек киіз, бір тең жүк, жер қайысқан қол, бір тең жүк, т.б.*

3. **Ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдері:** *сала құлаш жіп, айлық жол, бір сүйем, түстік жер, жырта қарыс т.б.* Осы өлшемдік ұғымдары қазіргі заманымызда пассив қолданылады.

Таза актив қолданыстағы фразеологизмдерге келер болсақ, онда ең алдымен фразеологизмдердің түрлеріне байланыстырып айтуға болады. «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер фразеологиялық

тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып үш топқа жіктеледі» (13:192).

Фразеологиялық тұтастық кітаби, қарапайым, ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологияда бірдей жүзеге асырыла береді екен. Тек, біздің қолымыздағы жиналған материалдар бойынша, бейтарап стильдік қабаттағы фразеологизмдер арасынан фразеологиялық тұтастыққа мысал ұшырастыра алмадық.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені жазба тіл дамымай тұрып, ауызша сөйлеуден әуелгі еркін тіркестердің тұрақталуынан пайда болғаны белгілі. Олай болатын болса, біздің жиналған материалдарымыз бойынша, фразеологизмдердің ең көп тараған түрі де, барлық стильдік қабаттарда кездесетіні де осы **фразеологиялық бірліктер** екен. Мәселен,

Ауыл адамдарынан не сақалды емес, не көсе емес, бет-ауызда шиырылып, әр жерде бес-алты қылтанақ өскен, ұстараның жүзіндей лышып тұрған жігіт қана көрінеді (М.Мағауин).

Мәдениет үйінің алды сендей соғылысқан жастар екен (Е.Мырзахметов).

Туған күн тойы түн ортасы ауа бітті. Өлгінде ғана төргі бөлмеде ине шаншарға жер жоқ еді... (Ш.Күмісбаев).

Мұндағы тұрақты тіркестердің барлығы да фразеологиялық бірлікке мысал болады. Үшеуі де еркін тіркестің ауыс мағынада қолданылуынан келіп шыққан.

Фразеологиялық тізбектің, бір ерекшелігі, барлығына дерлігі бейтарап фразеологизмдердің қатарында қарастырылады. Бұл түсінікті де, бейтарап фразеологизмдер мен фразеологиялық тізбектер сөздерді тек жай ғана анықтап тұрады.

Зерттеу жұмысының үшінші тарауының екінші бөлімі «Қазақ фразеологизмдерінің стильдік белгілерінің сөздіктерде берілуі» деп аталады.

Фразеологизмдердің толық стилистикалық сипаты ауызекі сөйлеу тіліндегі, қарапайым, кітаби, бейтарап деген белгілермен қоса кекесін, мысқыл, әзіл, жек көру, алғыс, қарғыс сияқты қазақ тіліндегі бар коннотациялық белгілермен қатар мынадай *салтанатты, таңырқау, өкіну, ұялу, қуану, қорқу, еркелету, сүйсіну, жақсы көру, мақұлдау, жақтау, жек көру, менсінбеу, жаратпау, ұрсу, ашулану, ызалану, өкпелеу* тәрізді эмоционалды-экспрессивті немесе коннотациялық белгілермен және көне, пассив тәрізді тұрақты тіркестерді арнайы көрсетумен жүзеге асырылады.

Ағаштан түйін түйіп, темірден ою ою — кітаби. Аса шебер, барынша өнерлі, он саусағынан өнер тамған. Ақарлы-шақарлы, бір шаңырақ иесі, қолы алтын десе болғандай үй де салады, пеш те қалайды, ағаштан түйін түйіп, темірден ою ояды дегендей (Ш.Құмарова).

Ақ берен – көне. *Батырлар қиетін темір сауыт.*

Ақ берен деген сауыттың

Етегі бар жеңі жоқ.

Ағайынды кісінің

Төбелессе кегі жоқ (ҚТТС).

Ата жұрт – бейтарап. *Ежелгі қоныс мекен.*

Малың қырылса, сендерді сонау *ата жұрттарың* Сыр бойынан сырғанатып мен алып келген жоқпын (Б.Әлменұлы).

Басына әңгір таяқ ойнату – ұрсу, қарапайым. *Жүндей тұту, күн көрсетпеу.*

– Апам ашулы, – деді Бота. – Қазір *басымызға әңгір таяқ ойнатады* (Ш.Күмісбаев).

Жүрек жұтқан – сүйсіну. *Еш нәрседен қорықпайтын батыл.* Бейтаныс әлдекімнің сауырына мінгесіп жүре беру – өйел адам үшін, әсіресе, көз тартар көркі бар дәл мынандай жас келіншек үшін оңай ма!? Қайта өзі *жүрек жұтқан* мықты екен (М.Сқақбаев).

Сонымен, фразеологизмдердің стильдік белгілері негізінен мынадай үш аспектіде қарастырылады: 1. функционалды-стистикалық, яғни кітаби, бейтарап, қарапайым, ауызекі сөйлеу стиліндегі фразеологизмдер; 2. эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктері, яғни жағымды мағынадағы еркелету, жарату, қуану, өзілдеу және жағымсыз мағынадағы ұнатпау, қайғыру, жек көру фразеологизмдері; 3. қолданылу ерекшелігіне қарай, яғни көне (историзмдер, архаизмдер), пассив, актив фразеологизмдер.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе мынадай тұжырымдарға келдік:

- қазақ тіліндегі фразеологизмдер функционалды-стистикалық ерекшелігі жағынан – *бейтарап, кітаби, ауызекі сөйлеу тіліндегі, қарапайым* деп топтастырылды;

- фразеологиялық тұлғалардың стилистикалық мағынасы, олардың фразеологиялық мағынасынан кейін қарастырылады;

- фразеологизмдердің эмотивтілігі мен эмоционалды-экспрессивті мағынасы екі түрлі болады;

- фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті ерекшеліктері арқылы саралау барысында коннотациялық 30 түрі анықталды;

- фразеологизмдердің түрлерінің жеке стильдік қабаттада қолданылу жиілігі әр түрлі болады;

- қазақ тілі сөздіктерінде фразеологизмдерінің функционалды-стистикалық белгілерімен қатар коннотациялық түрлері де міндетті түрде көрсетіледі.

Жұмыстың соңында пайдаланылған өдебиеттер тізімі берілді.

Сілтеме жасалған әдебиет

1. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. – Алматы: Ғылым, 1975. – 228 бет.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995. – 172 бет.
3. Балли Ш. Французская стилистика. – М.: Изд. Иностран. лит., 1961. – 394 с.
4. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – М., Высш.школа, 1969. – 231 с.
5. Қайдар Ө. Қазақ тілінің өзекті мәселелері Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.
6. Симонов П.В. Эмоциональный мозг. – М.: 1981. – 215 с.
7. Эмирова А.М. Русская фразеология в коммуникативном аспекте. – Ташкент: «Фан», 1988. – 92 с.
8. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
9. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 бет.
10. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 бет.
11. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 бет.
12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974. I том. – 696 бет.
13. Болғанбайұлы Ө., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 бет.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар

1. Фразеологизмдердің стильдік қабаттары // ҚазМУ хабаршысы, филология сериясы. 1998, N 22. – 38-41-бб.
2. Фразеологизмдердің стильдік дәрежеленуі // Инновационные модели обучения в магистратуре (халықаралық семинар-мектебі конференциясы мақалаларының тезистер жинағы). – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 122-123-бб.
3. Бейтарап фразеологизмдер // ҚазМУ хабаршысы, филология сериясы. 1999, N 29. – 16-19-бб.

4. Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2000, N 9. – 40-42-бб.

5. Қазақ фразеологизмдерінің қолданылу ерекшеліктері // Ізденіс. – Алматы, 2001, N 1. – 6-11-бб.

6. Фразеологизмдердің стилистикалық мағынасы // ҚазМУ хабаршысы, филология сериясы. 2001, N44. – 79-84-бб.

7. Фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктерінің сөздіктерде берілуі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2001, N2. – 49-51-бб.



РЕЗЮМЕ

Саркенова Карлыгаш Курмангалиевна

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук по специальности 10.02.02 - казахский язык.

Диссертационная работа посвящена проблеме стилистической классификации фразеологизмов казахского языка.

Первая глава исследовательской работы содержит анализ функционально-стилистических классификаций фразеологизмов, проведенных в русском и казахском языкознании. По классификации, проведенной в этой главе, фразеологизмы казахского языка разделены на стилистически нейтральные, книжные, разговорные и просторечные стилистические пласты. В работе рассматриваются языковые отличия фразеологизмов, используемых в различных стилистических пластах, также проводится их тематический анализ, определяются сферы употребления данных устойчивых словосочетаний.

Во второй главе выявляется эмоционально-экспрессивная характеристика фразеологизмов. В исследовании показаны механизмы влияния эмоционально-экспрессивного значения фразеологизмов на их стилистическое значение (по стилистической дифференциации) и отношения стилистического значения к семантике фразеологических единиц. Определены их различные эмоционально-экспрессивные оттенки.

В третьей главе по особенностям употребления фразеологизмы казахского языка рассмотрены по таким группам, как устаревшие, устаревающие и активные. Активные устойчивые словосочетания в свою очередь были разделены на виды фразеологизмов и выявлены их соответствия различным стилистическим пластам фразеологических единиц. В работе также содержится порядок указания в словарях стилистических пометок фразеологизмов.

SUMMARY

Sarekenova Karligash Kurmangaliyevna

STYLISTIC CLASSIFICATION OF THE KAZAKH PHRASEOLOGY

Thesis for the scholar degree of philology sciences candidate Speciality
10.02.02 - the Kazakh language

The dissertation work consists of the following parts:

An Introduction part, The Main part, The Conclusion part and
The Bibliography.

The first part covers the Russian and the Kazakh Linguists' knowledge about the peculiarities and the classification of the stylistic-functional phraseologies. It also covers the Kazakh phraseologies which are grouped as neutral, bookish, spoken and word combinations of the simple stylistic Layers. And the differences and an application of the phraseologies in different stylistic spheres and there was also given a thematic parsing.

The second part is devoted to the emotional-expressive differences of the Kazakh phraseology. First of all, a special attention was given to the stylistic differentiation of the phraseological form's stylistic meaning and the influence of the emotional-expressive meaning on it and the relations of the stylistic meaning with the semantics of the phraseology form, the terms and explanations. After, it was reported about the emotiveness of the phraseologies and at the end the emotional-expressive Kinds of the Kazakh phraseologies were defined.

In the third part, the Kazakh phraseologies are grouped according to the peculiarities of their application as an ancient, passive and active word combinations and also active word combinations themselves are defined in accordance with the Kinds of the phraseologies and the attention is given to their application in the phraseological stylistic layers.

In the second sub-group of the third part the order of the glossary of the stylistic symbols is shown.



Подписано в печать 01.02.2001 г.
Бумага "Amicus". Формат бумаги 60x84 1/16.
Гарнитура "Таймс". Печать – RISO.
Заказ № 34. Обложка – Galery Art Gloss.
Усл. печ. л. 1,5. Тираж 100 экз.

Отпечатано в компьютерно-издательском центре АГУ им. Абая
(480100, Алматы, пр. Достык, 13)